

Тыңдалым

10-сынып

1. «Сәті түсіп, жолы болып тұр» дегенді білдіретін сөз тіркесін табыңыз.

- a) еліміз тыныш, аспанымыз ашық
- в) әлем халықтарының ерекше назарында
- с) еліміздің асығы алшысынан түсіп отыр
- d) талай өзгерістердің куәсі болдық
- е) қол жеткізген жетістіктері аз емес

2. Мәтіндегі жалпылау есімдігін табыңыз.

- a) біраз
- в) аса
- с) осы
- d) рас
- е) барша

3. Жасаған бір жақсылығы үшін аллаға алғыс айту дегенді білдіретін сөзді көрсетіңіз.

- a) назар
- в) рас
- с) әлем
- d) шүкір
- е) барша

4. Тыңдаған мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемді толықтырыңыз:
Тәуелсіз еліміз осы уақыт аралығында 100-ден аса елдермен...

- a) бәсекелес болды.
- в) дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.

- c) экономикалық қарым-қатынас орнатты.
- d) сауда қарым-қатынасын жасады.
- e) ынтымақтастық туралы шартқа отырды.

5. Мәтіндегі бұйрық райдағы сөйлемді анықтаңыз.

- a) 1998 жылы Ақмола қаласының аты «Астана» деп өзгертілді.
- b) Еліміздің тәуелсіздік алғанына да біраз жыл болып қалды.
- c) Осы уақытта талай өзгерістердің куәсі болдық.
- d) Конституциясы қабылданды.
- e) Айтқаның келсін.

6. Тындаған мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемді толықтырыңыз:

Әлем халықтары 130-ға жуық ұлт өкілдері тұратын қазақ жеріндегі...

- a) аса бай пайдалы қазбаларға қызыға қарап отыр.
- b) ерекше сұлу табиғатқа қызыға қарап отыр.
- c) ұлтаралық татулық пен келісімге қызыға қарап отыр.
- d) минералдық шикізат ресурстарына қызыға қарап отыр.
- e) нарықты дамыту мүмкіндіктеріне қызыға қарап отыр.

7. Мәтіндегі «біраз» сөзінің синонимін табыңыз.

- a) тым көп
- b) түк емес
- c) аса көп емес
- d) аз емес
- e) мардымсыз

8. Мәтін бойынша нақты қолданылған сөздермен аяқтаңыз. *Ұлттық валютамыз...*

- a) өзгертілді
- b) қабылданды
- c) көшірілді

- d) әлем халықтарының ерекше назарында болып тұр
- e) айналымға енді

9. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің белгісін көрсетіңіз.

- a) ұлттаралық татулығы
- в) жаңа елордасы
- с) табиғаты
- d) рәміздері
- e) пайдалы қазбалары

10. «тәуелсіздік» сөзіне мағыналас сөздерді жазыңыз.

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, тест тапсырмаларын орындаңыз.

1. Сүлеймен патшаның бұйрығы қандай болған?

- a) Қарға дүниедегі ең әдемі құсты табуы керек, ал кірпі ең кішкентай аңды табуы керек.
- в) Қарға әдемі дауыспен бір ән салуы керек, ал кірпі патшаға мамық жастық табуы керек.
- с) Қарға дауысын өзгертуі керек, ал кірпі инелерін алып тастауы керек.
- d) Қарға дүниедегі бір жақсы сайрайтын құсты табуы керек, ал кірпі бір жұмсақ нәрсе табуы керек.
- e) Қарға таң атқанда ән салып патшаны оятуы керек, ал кірпі патшаның бетіне тақалып жатуы керек.

2. «Дат, тақсыр!» деген сөздер нені білдіреді?

- a) Қылмыскердің кешірім сұрағаны.
- в) Қылмыскер өзінің ең соңғы қалауы мен өтінішін айтқысы келгені.
- с) Қылмыскердің кінәсін мойындағаны.
- d) Қылмыскердің жазамен келіспейтіні.
- e) Қылмыскердің туысқандарымен көрісуге рұқсат сұрағаны.

3. Мәтіндегі сөйлемдерден қыстырма сөзі бар сөйлемді табыңыз (тыныс белгілері қойылмаған).

- a) Жазалы екеуі өздері істеген істің бәрін бастан-аяқ баян етеді.
- в) Мұның ойлауынша бұлбұл және басқа құстар жаман сайрайтын болып көрінеді.
- с) Таң атқанда ол құс мені сайраған даусымен оятсын.
- d) Қарғаның балапандары қарқылдай бастайды.
- e) Қараса қарғаның балапандары мен кірпінің балалары екен.

4. Мәтіндегі қай сөздер синоним болып табылады?

- a) дамыл таппай, көп жерді аралап, арып-ашып
- в) патша, жендет, бала
- с) қарға, құс, бұлбұл
- d) жер дүние, жер жүзі, жер беті
- e) тәтті, жұмсақ, әдемі

5-7. Сүлеймен қарға мен кірпінің ісіне ашуланды, өйткені ... Тыңдаған мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемді 3 сөйлеммен толықтырыңыз:

8. Мәтін мазмұнына сай емес сөйлемді табыңыз.

- a) Кірпі де дамыл таппай, жердің жүзін кезіп, жұмсақ нәрсе іздейді, бірақ еш жерден таба алмайды.
- в) Жазалы екеуі өздері істеген істің бәрін бастан-аяқ баян етеді.
- с) Кірпіге балаларының денесі сондай жұмсақ боп сезіледі.
- d) Бұлардың қарқылдағаны қарғаға сондай әдемі, сондай нәзік көрінеді.
- e) Сүлеймен деген патша қол астындағы халқына бұйрық береді.

9. Мәтіндегі антоним бола алатын сөз тіркестерін анықтаңыз.

- a) басын кесуге бұйырады, жазадан босатып жібереді
- в) дамыл таппай, шаршап-шалдыққан
- с) бас жағыма, жастығымның үстіне
- d) бір жақсы сайрайтын құс, бір жұмсақ нәрсе
- e) жер жүзі, жер беті

10. Мәтіннің қай сөйлемі «Қарға баласын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым» дер» дегенге сай келеді?

- a) Бұлардың қасында бұлбұл және басқа құстар әлдеқайда жаман сайрайтын боп көрінеді.

- в) Қараса, қарғаның балапандары мен кірпінің балалары екен.
- с) Баласы өзіне балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық, мамықтан да жұмсақ екен ғой.
- д) Кірпіге балаларының денесі сондай жұмсақ боп сезіледі.
- е) Әркімге өзінің баласынан артық көретіні жоқ екен ғой.